

7 Novikov L.A. *Hudojestvennyi teks i ego analiz*. Moskva. Izdatelstvo «Nauka», 1988. – 300 s. – kitap.

8 Turaeva Z.Īa. *Lingvistika teksta: uchebnoe posobie*. Moskva, izdatelstvo «Prosveşenie», 1986. – 127 s. – kitap.

9 Kubrākova E.S. *O svāzāh mejdu lingvistikoi teksta i slovoobrazovaniem*. Moskva. Izdatelstvo «Progres», 1983. – 448 s. – kitap.

10 Syzdyqova R., Şalabaev B. *Kōrkem teksti lingvistikalıyq taldau*. – Almaty: Mektep, 1989. - 128 b. – kitap.

МРНТИ 17.07.41

Жүнісова М. Ә.¹, Касенов Е.С.².

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ҚҰМАН ҚЫПШАҚТАРЫНЫҢ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІН ЗЕРТТЕУШІ (Профессор Әбжан Құрышжанұлының 90 жылдығына орай)

Аңдатпа

Мақалада ескі түркі тілдерінің маманы, қыпшақтанудың білгірі, профессор Әбжан Құрышжанұлының «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішін зерттеу еңбектері қарастырылып, құман қыпшақтарының тілінде жазылған жазба ескерткіш ретінде танылған мұралар лингвохронологиялық, соның ішінде библиографиялық аспектіде қарастырылды. Қыпшақтардың орта ғасырда қыпшақ бірлестігі ғана емес, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғанының ғылыми дәлелдері ғалымның әрбір еңбегінен көрініс тапқан. Түркі халықтарының этностық мәдениеті мен дүниетанымында қыпшақтану саласының қалыптасуына негіз болатын нақты тілдік фактілерді келтіре отырып жазған ғалымның ғылыми мақалалары мен ірі-ірі еңбектері осы саланың қазақтанудың орта ғасырдағы көрініс кейпін анықтауға негіз болады. Құман жазба ескерткішінің тілін зерделей келе, оның жиілік сөздігін құрастырып ұсынуы, ғылыми практикада басқа ескерткіштерді зерделеуде ерекше үлгі.

Түйін сөздер: лингвохронологиялық, библиографиялық аспект, қыпшақтану, құман қыпшақтары, қазақтану, жазба ескерткіш, тілдік факті

Zhunissova M.¹, Kasenov Y.²

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

RESEARCHER OF THE WRITTEN MONUMENT KUMAN KIPCHAK KAZAKH LINGUISTICS (The 90th anniversary of Professor Abzhan Kuryshzhanuly)

Abstract

In the article the writings of a specialist strutynskogo language expert kipchatova, Professor abana Kuryshzhanova study written monument "Code kumanikus", as well as the heritage monument written in the language of Kuman Kipchak, in lingvokulturologicheskome, including bibliographic aspect. Scientific evidence that Kipchaks in the middle ages had the status of not only the Kipchak Association, but also the state language, is reflected in every work of the scientist. Scientific articles and major works of the scientist, which set out specific linguistic facts that served as the basis for the formation of the sphere of Kipchak studies in the ethnic culture and worldview of the Turkic peoples, will serve as the basis for determining the medieval appearance of the Kazakhs. Studying a language Kuman - Kipchak writing monuments, it is a frequency dictionary, and represents a special case in scientific practice in the study of other monuments.

Keywords: linguochronological, bibliographic aspect, Kipchak studies, Cuman Kipchaks, Kazakh studies, writing, language fact

Жунисова М. А.¹, Касенов Е. С.²

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАТЕЛЬ ПИСЬМЕННОГО ПАМЯТНИКА КУМАНСКИХ КЫПЧАКОВ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

(К 90-летию профессора Абжан Курышжанулы)

Аннотация

В статье рассмотрены труды специалиста старотюркского языка, знатока кыпчаковеда, профессора Абжан Курышжанулы по изучению письменного памятника "Кодекс Куманикус", а также рассмотрено наследие, признанное письменным памятником на языке куманских кыпчаков, в лингвохронологическом, в том числе библиографическом аспекте. Научные доказательства того, что кыпчаки в средние века имели статус не только кыпчакского объединения, но и государственного языка, нашли отражение в каждом труде ученого. Научные статьи и крупные труды ученого, изложившие конкретные языковые факты, послужившие основой для формирования сферы кыпчаковедения в этнической культуре и мировоззрении тюркских народов, послужат основой для определения средневекового облика казахов. Изучая язык куманско-кыпчакских письменных памятников, составляет его частотный словарь и представляет особый пример в научной практике при изучении других памятников.

Ключевые слова: лингвохронологический, библиографический аспект, кыпчаковедение, куманские кыпчаки, казаховедение, письменность, языковой факт

Кіріспе. Жазба ескерткіштердің тілін қарастыру - қазақ тілі тарихының негізі саналады. Орта ғасыр ескерткіштерінің тілін, тарихын, сақталуын жан-жақты сөз еткен ғылыми еңбектерімен өз заманының алдыңғы қатарлы ғалымы әрі шәкірттеріне өлмес жөн-жоба ұсынып, ұстаздық атына дақ түсірмеген нағыз тұлға, әлем жұртшылығына танымал кыпшақтанушы, профессор Әбжан Құрышжанұлының есімімен тығыз байланысты болып келетін осынау ескерткіштің қазақ тіл білімінде қарастырылуын зерттей келе туған мақаламыз еді. Адамзат тарихының XIV ғасырында жазылған ескерткіштің бірі «Кодекс Куманикустың» қазақ тіл білімінде алғаш зерттеушісі Әбжан Құрышжанұлының еңбектеріне арналғандықтан, мақаланың мақсаты - осы ескерткіш туралы мәліметтерді және ғылыми талдауларды, қазақ тілінің сол замандағы лексикалық қорын жан-жақты зерттеген қазақ ғалымдарының еңбектерінде қай жағынан қарастырғанын анықтау. «Кодекс Куманикус» - кумандардың (Куман кыпшақтарының) тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктер (XIII-XIV ғ.). Бұл еңбектің авторы мен жазылған жері белгісіз. Жалпы алғанда, «Кодекс Куманикус» қолжазбасын құрастырушылар үлкен мақсат көздеген. Сондықтан да В.Бартольд бұл жазбаны «имеет первостепенное значение не только для турецкой филологии, но и для истории культуры, как памятник практического востоковедения средневековых европейских торговцев и миссионеров» - деп жазған [1, 139]. Бұл жазба тілінде осы күнгі оғыз тілдерінің элементтері мол, демек, ол оңтүстік түркі халықтарының мәдени тарихын зерттеу үшін де құнды ескерткіш болып табылады.

Зерттеу материалы. Әдістемесі. Қазақ тіл білімінде алты томдық библиографиялық еңбек жазып қалдырған ірі ғалым - Шора Сарыбаев. Осы ғылыми мақалалар мен еңбектердің хронологиялық тізімінде, яғни *Ш.Сарыбаевтың библиографиялық көрсеткішінде* [2] қазақ тіл білімінде осы ескерткіш жайындағы ғылыми зерттеулердің саны - 22 еңбек көрсетілген.

1 Әбдірахманов А., Құрышжанов Ә. XIII-XV ғ. жазу нұсқасы. // Қазақстан мұғалімі, 1957, 1 август, №32 («Codex Cumanikus» атты ескі түркі нұсқасының тілі туралы);

2 Құрышжанов Ә. «Codex Cumanikus» тіліндегі мекендік ұғымды білдіретін септіктердің мағыналары. – Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Мақалалар жинағы. А., 1958 ж. I шығуы;

3 Құрышжанов Ә. «Кодекс Куманикус» - ескі мұрамыз. // Қазақ әдебиеті, 1960, 12 август №33;

4 Сауранбаев Н.Т., Құрышжанов Ә. «Кодекс Куманикус» // Жұлдыз, 1957, №61;

5 Абдрахманов А., Курьшжанов А. Древний письменный памятник. – Учитель Казахстана, 1957 1 августа №32, [О языке памятника «Codex Cumanikus»];

6 Курьшжанов А. Формы и значения падежей в языке «Codex Cumanikus». Автореферат дисс... кандидата филол. наук. А., 1956;

- 7 Курышжанов А. Значение аккузатива в языке «Codex Cumanikus». – Известия АН КазССР, серия филологии и искусствоведения, 1957, вып. 1(6);
- 8 Курышжанов А. Парадигмы склонения в языке письменного памятника XI-XIV вв. «Codex Cumanikus» в кн.: «Вопросы истории и диалектологии казахского языка» А., 1958, вып. 1;
- 9 Курышжанов А. О графике одного слова в памятнике куманского языка «Codex Cumanikus». – Эпиграфика Востока, 1963, XV;
- 10 Кенжебаев Б. «Кодекс Куманикус». // Қазақ әдебиеті, 1968, 14 январь, №3;
- 11 Куман жазуы тұңғыш рет орыс тіліне аударылды. – Орталық Қазақстан, 1964, 11 январь, №8 (І. Кеңесбаев пен Ә.Құрышжановтың баспаға дайындап отырған «Codex Cumanikus» атты еңбектері туралы);
- 12 Құрышжанов Ә. «Codex Cumanikus». – Қазақша календарь, 1962ж., 11 июль;
- 13 Курышжанов А.К. О замечаниях редакторов на полях рукописи «Кодекс Куманикус» . // «Советская тюркология», 1974, №6, с. 86-97;
- 14 Белботаев А.Б. «Кодекс Куманикус» туралы. – Біздің Отан, 1978, ноябрь, №21;
- 15 Дербісәлиев Ә. Қайта оралған қымбат қазына. // Лениншіл жас, 1979, 20 декабрь. («Кодекс Куманикус» жазба ескерткіші жөнінде);
- 16 Курышжанов А.К. О «темных» словах в рукописи «Codex Cumanikus». – В кн.: «Советская тюркология и развитие тюркских языков в СССР: (Всесоюзная тюркологическая конференция, 27-29 сентября 1976 г. Секция №1. Тез. докл. и сообщ.). Алма-Ата, 1976, с.181-183;
- 17 Дербісәлиев Ә. Көне жазба мұралар // Жұлдыз. 1981, №5. Б. 191-198 («Кодекс Куманикус», «Мухаббат-нама», «Латафат-нама» т.б. жазба нұсқалары туралы);
- 18 Құрышжанов Ә. «Кодекс Куманикус» ескерткішінен үзінділердің Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебет сериясы. 1984. №1. Б. 1-4. Резюме орыс тілінде;
- 19 Курышжанов А.К. К изучению лексики «Codex Cumanikus» // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары: Мақалалар жинағы. А., 1981, С. 178-196;
- 20 Ақатаева Л. Тіл шұрайын жеткізген // Білім және еңбек. 1986. №1. Б.47 («Кодекс Куманикус» ескерткішінің жаңа басылымы туралы);
- 21 Байжолов Ә. «Кодекс Куманикус» және қазақ тіліндегі жергілікті ескерткіштер// Қазақ диалектологиясын зерттеу мәселелері: ЖОО-дарының профессорлары мен оқытушыларының, аспиранттарының ғылыми мақалалар жинағы (Абай атындағы Еңбек Қызыл Ту оденді қазақ педагогика институты). Алматы, 1987, Б.16-27;
- 22 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). Алматы, 1973, 167б. («Дивани луғат-ит түрік», «Мухаббат-нама», «Кодекс Куманикус» бөлімдерін қараңыз). Міне, біздің беріп отырған тізіміміздегі көрсеткіштен-ақ қазақ тіл біліміндегі алғаш Кодекс Куманикус тілін зерттеуші Ә.Құрышжанұлы екеніне көз жеткізесіз.

Нәтижелер. Ал енді қазақ тілі бойынша қорғалған диссертация авторефераттарының библиографиялық көрсеткішінде [3] 2 еңбек қана көрсетілген және екеуі осы автордың кандидаттық және докторлық диссертациялары:

1. Курышжанов А. Формы и значения падежей в языке «Codex Cumanikus». Автореферат дисс... КФН. Алма-Ата, 1956. 15с.;

2. Курышжанов А.К. Язык старокыпчакских письменных памятников XIII – XIV вв. Автореферат дисс... ДФН. Алма-Ата, 1973, 58с. Сонымен қатар ғалымның осы диссертациялық еңбектерінде әлемдік лингвистикалық терминдер қоданылады. Сондықтан лингвистикалық терминология теориясын жасауда да өзіндік үлес қосқан еңбектер саналады.

Зерттеу барысында осы жарияланымдардың жалпы атаулары тізіліп, «Кодекс куманикусты» кімдер және қай сала бойынша зерттегені анықталған. Нәтижесінде осы аталмыш ескерткішті ең көп зерттеген, көп еңбек еткен профессор Ә.Құрышжанов екеніне көзіміз жетіпқана қоймай, ғалымның куман қыпшақтары тілін қазақ тілімен өте бір білгірлікпен салыстырғанын, яғни сол замандағы компаративистиканың алдыңғы қатарлы ғалымы екеніне дәлел болады.

Қазақ тілі энциклопедиясының (Алматы: “ІДК-ТІРО” Редакциялық - баспа орталығы. 1998.) 173-175 беттерінде Ә.Құрышжанұлының «Кодекс Куманикус» ескерткіші туралы мақаласы жарияланған. Мақалада келесідей мәселелер қарастырылған: «... ескерткіштің көлемі – 82 парақ (164б.). Түпнұсқасы 1294ж. жазылған да, оның бірінші көшірмесі 1303ж. жасалған, ол толығымен 1330ж. көшіріліп біткен. Бірінші бөлімі Қырымда генуэз авторының қолынан шыққан. Екінші бөлімін әйгілі «Қыпшақ даласының» оңтүстік-батыс өлкесіндегі францисканстар ғибадатханасындағы неміс

монархтары жазған. Екі бөлімі де готикалық көне шрифтпен берілген. Бірінші бөлім (1-110б.) «итальяндық бөлім» деп аталады. Ол үш бағана етіп жазылған латынша-парсыша және куманша (қыпшақша) үш тілді сөздік. Бұл сөздік әліпбилік және тематикалық (семантикалық) нұсқа бойынша жасалған («Алфавит» бөлімінде етістік сөздері, «Тематик» бөлімінде есімдер, бірен-саран үстеулер, қосымшалар келтірілген. Екінші бөлімі (III-164б.) «неміс бөлімі» деп аталады. Негізгі мазмұны – діни уағыздамалар. Тіл ерекшеліктері тұрғысынан алып қарағанда, қазіргі қыпшақ тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің де орта ғасырлардағы табиғи қалпын көрсетеді. Осы күнгі қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері болып табылатын кейбір грамматикалық құбылыстары, мысалы, *ш* дыбысымен айту (*ч* орнына), *с* дыбысымен айту (*ш* орнына), *ж* дыбысымен айту (й-дің орнына), *т* дыбысымен айту (д орнына), *з*, *г* орнына *к*, *қ* айту т.б. болып жатқан фонетикалық сипаттамалар осы куман тілінде әрдайым байқалып отырады.

Талқылау. «Кодекс Куманикус» тілі – қазіргі қыпшақ тілдерінің қалыптасу лабораториясы. Оның сөздік қоры мен грамматикалық құрылысы – қазақ тілі тарихының қайнар көзі» [4]. Бұл мәліметтен ғалымның қазақ тіл білімінің барлық салалары бойынша (салыстырмалы дыбыстаным, салыстырмалы сөзтаным, салыстырмалы түбіртаным мен сөзтіркесі мен сөйлемтаным және сөзжасам) еңбектенгені көрінеді.

Ә.Қ.Құрышжановтың *Куманша-қазақша жиілік сөздік еңбегінде* XIII-XIV ғасырларда жазылған көне көне қыпшақ тілінің әйгілі ескерткіші «Кодекс Куманикус» бірінші рет қазақ тіліне аударылып жазылды. ЭВМ-нің көмегімен куман тілінің алфавиттік жиілік, кері алфавитті жиілік және жиілік сөздіктері түзілген. Олар «Кодекс Куманикус» жазбасының түпнұсқасы бойынша жасалған. Ескерткіш қазақ тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихын зерттеу үшін аса құнды материал болып табылады. Бұл еңбек ғылыми қызметкерлерге, аспиранттарға және филология факультеттерінің оқытушылары мен студенттеріне арналған. Бұл еңбектің басылып шығуына жауапты редактор филология ғылымдарының докторы, профессор К.Б.Бектаев.

Еңбектің алғы сөзінде (5-10б.) «Кодекс Куманикус» тексі бойынша жасалған үш түрлі – алфавиттік жиілік, жиілік және кері жиілік сөздіктері туралы жазылған.

1. *Алфавиттік жиілік сөздік.* Алфавиттік жиілік сөздік дегеніміз – белгілі бір зерттеуге алынған текст көлеміндегі сөздердің қолданылу жиілігі есептелеп көрсетілген және ол сөздер қатаң алфавит тәртібіне түсірілген сөз тізбесі.

Сөздікте омоним сөздерді ажырата көрсету мақсатымен әр сөздің соңына оның қай сөз табына жататынын анықтайтын белгі-индекстер қойылады.

«Кодекс Куманикус» ескерткішінің алфавитті жиілік сөздігі – зерттеушілерге қажет еткен сөздерін қиындықсыз тауып алуына және ескерткіш тілінің лексикалық байлығы мен бұл байлықты сол кездегі халықтың қолдануындағы тілдік ерекшеліктерін танып, білуіне көмектеседі.

2. *Жиілік сөздік.* Алфавитті жиілік сөздіктегі сөздерді қолданылу жиілігі бойынша реттеп, яғни ең көп кездесетін сөздерді алдымен беріп, әрі қарай жиілігінің азаю ретімен көрсетіп, ал жиілігі бірдей сөздерді қатаң алфавит тәртібін сақтай орналастырған сөз тізбесін жиілік сөздік деп атаймыз.

«Кодекс Куманикус» ескерткішінің жиілік сөздігі – ізденушілерге сол кездегі халықтық тілдің лексикалық топтарының мөлшерін анықтауына және лексикографтарға этимологиялық, екі тілді т.б.сөздіктер құрастыру ісінде үлкен көмекші құрал бола алады.

3. *Кері алфавитті жиілік сөздік.* Алфавитті не жиілік сөздіктердің негізінде жасалынған тек қатаң алфавиттік реті керісінше, сөздің соңғы әріптері жағынан реттелінген сөз тізбесін кері алфавитті сөздік деп атаймыз.

«Кодекс Куманикус» ескерткіштерінің кері алфавитті жиілік сөздігі-қолжазба көлеміндегі сөздердің бөлшектерін қиындықсыз ажыратып алып қарауына және кез-келген қосымшаның сол тілдегі қолданысындағы өзіндік қасиет – ерекшеліктерін зерттеп білуіне мүмкіндік береді.

«Кодекс Куманикус» ескерткішінің негізінде түзілген жиілік сөздіктердің статистикалық құрылымы мынадай:

1. «Кодекс Куманикус» ескерткішінен түзілген куманша-қазақша жиілік сөздік 2940 реестрлік сөзден тұрады. Бұл сөздер ескерткіш көлемінде 8296 рет қайталана қолданылған.

2. Ескерткіштегі сөздерді сөз таптарына үлестіргенінде мынандай мөлшерде болып шығады: бірінші орынды зат есім-1457сөз (мұның ішінде жалқы есімдер-42сөз), екінші орынды етістік-867сөз, үшінші орынды сын есім-417сөз, төртінші орынды үстеу-97сөз, бесінші орында шылау-39сөз, алтыншы – есімдік – 37сөз, жетінші-сан есім – 20сөз, сегізінші-еліктеуіш сөздер-4, тоғызыншы, ең соңғы сөз табы – одағай – 2сөз.

3. «Кодекс Куманикус» ескерткіші материалдарынан түзілген жиілік сөздікке қарағанымызда ескерткіштегі ең жиі кезіккен 25 сөз сөздіктегі текстің 19,6%, 40 сөз - 24,6%, 50 сөз - 27%, 100 сөз - 37,4%, 500 сөз - 68,6% құраса, қалған 2440 сөз бар-жоғы 31,4% қамтиды екен. Ал, бір реттен ғана қолданылған 949 сөз бүкіл текстің 11-ақ пайызын құрап тұр. Бұдан байқалатын бір жай – «Кодекс» тілінің негізі – жиі қолданылатын бастапқы 500 сөз екендігі. Мысал үшін «Кодекс Куманикустан» ең жиі қолданылатын бірнеше сөздердің тізбесін келтірейік: кім (кім) ес. – 155 (мұнда алғашқы сөз – куман сөзін, жақшаның ішіндегі – оның қазақ тіліндегі аудармасын, цифр – куман сөзінің қолжазбадағы кездесу жиілігін көрсетеді), бол - (бол) - 95, аве (әулие) - 82, теңрі (тәңрі) - 77, ешіт (есіт) - 74, кіші (кісі) - 61, барча (барша) - 53 т.т.с.с. Ал бұл еңбектің кіріспе бөлімінде қолжазбаның негізгі мазмұны жазылған, онда ғалым ескерткіш тілінде берілген лексикалық атаулардың 40 топқа бөлінгенін айтады.

Қазақ тіл білімінің ономастика саласы бойынша XIV ғасырдағы куман тілінде қолданылған сөздер бар. Әсіресе, қазіргі ғылымдағы антропоцентристік ғылыми бағыттағы адамға қатысты атаулар мысалға келтірілген: атақ-дәрежеге байланысты сөздер (90-б.), ұсталар мен ісерлік істеріне байланысты сөздер (84-б.), аң терісінің шебері мен оның ісіне және тері түрлеріне байланысты сөздер (84-85-б.), етікшілікке байланысты сөздер (86-б.), шаштаразылыққа байланысты сөздер (86-87-б.), адам дене мүшелерінің атаулары (94-96-б.), туысқандық қарым-қатынасқа байланысты сөздер (97-б.), адамның жақсы-жаман қасиеттері туралы сөздер (97-99-б.). Ғалымдардың сол бөлімді «Итальян бөлімі» деп атайтындығын айта келіп, 111-164-беттерді «Неміс бөлімі» деп неміс миссионерлері жазған деген болжам тастаған. Осы екінші бөлімнің ішінде V-XXXVI бөлімдерін көрсете отырып, оның әр біреуінде не жазылғанын айтады. Ғалымның осы еңбегінде «Кодекс Куманикус» ескерткішінің тілін өзіне дейін зерттеген шетелдік ғалымдар Ю.Клапрот, Г.Кун, Г.Шотт, О.Блау, О.Гастлинктің ғылыми тұжырымдары талданады. Жұмыстың 32-бетінде ескерткіштегі еңбектердің берілу тәртібі 11 бөлімге бөлініп берілгенін ескертеді.

Автордың бұдан бөлек «Ескі түркі ескерткіштерінің тілі» деп аталатын монографиясында орта ғасырдағы бірнеше қолжазба еңбектерден ғылыми мәліметтер бар. Мақала көлемі көтермегендіктен келесі мақаламыздың зерттеу нысаны етіп сол еңбекті аламыз деген ойдамыз.

Қорытынды. Қазақ тіл біліміндегі «Кодекс Куманикус» ескерткішінің тілін қарастыру профессор Ә.Құрышжанұлының зерттеулерінен бастау алады. Сонымен қатар Жоғары оқу орындарының Түркітану мамандығының үш деңгейінде де, яғни *қыпшақтанудан қазақтануға* дейінгі аралықты қамтитын деңгейлік оқу модулін енгізуге ғалымның ғылыми мұрасы осы ескерткіш тілін зерделеуге ғана емес, орта ғасырдағы басқа да жиырмадан аса жазба ескерткіштерді тануға жол ашады. Ескі түркі жазба ескерткіштерін зерттеу түркітанымдық, лингвистикалық, әдеби, этнографиялық және тарихи-археологиялық зерттеулерге негіз болатыны анық. Түркітану немесе қазақтану саласында кәсіби маман даярлау жоспарларында қыпшақтану ғылымының негізін қалаушы ғалымның ғылыми тұжырымдарын зерделеу үшін «*Қыпшақтану негіздері*» бакалаврда, «*Қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі*» магистратурада, «*Қыпшақ жазба ескерткіштерінің әдіснамасы*» кешенді модульдік оқу курсы енгізуді ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 В.В.Бартольд *Новый труд о половцах. Русский исторический журнал РАН. ПГ, 1927, кн.7, стр.139.*
- 2 Ш. Сарыбаев *Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. I-V том. Алматы. 1965.*
- 3 Сарыбаев Ш.Ш. *Қазақ тілі бойынша қорғалған диссертация авторефераттарының библиографиялық көрсеткіші. I бөлім, (1950-2000ж.ж.). Алматы, 2003*
- 4 *Қазақ тілі энциклопедиясы. Алматы: «IDK-ТИПО» Редакциялық - баспа орталығы. 1998.*
- 5 *Құрышжанов А.Қ. Куманиша-қазақша жиілік сөздік. – Алматы: Ғылым, 1978. – 280бет.*

References:

- 1 *V.V.Bartöld Novyi trud o polovsah. Ruski istoricheski jurnal RAN. ПГ, 1927, kn.7, str.139.*
- 2 *Ş. Sarybaev Qazaq til bilimü ädebitiniñ bibliografialyq körsetkişi. I-V tom. Almaty. 1965.*
- 3 *Sarybaev Ş.Ş. Qazaq tılı boıynşa qorǵalǵan disertasia avtoreferattarynyñ bibliografialyq körsetkişi. I bölim, (1950-2000j.j.). Almaty, 2003*
- 4 *Qazaq tılı ensiklopediasy. Almaty: «IDK-ТИПО» Redaksialyq - baspa ortalyǵy. 1998.*
- 5 *Qūrışjanov A.Q. Kumanişa-qazaqşa jülik sözdik. – Almaty: Ğylym, 1978. – 280bet.*